2019 жылға мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі
Жаркайын ауданы білім бөлімінің «Жанында интернаты бар А.Үкібаев атындағы орта мектебі»ММ есебі

Жаркайын ауданының мемлекеттік мекемелерімен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қызметтерді іске асыратын мемлекеттік органдардың бірлестірілген жүйесіне енеді.

Тұрғындарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасын арттыру бұл азаматтар арасында мемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімін арттырады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың негізгі аспектісі.

Мемлекеттік қызметтер келесі негізгі принциптердің негізінде көрсетіледі:

- ата-тегінің, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайының, жынысының, нәсілінің, ұлтының, тілінің, дінге қатысының, сенімінің, тұратын жерінің немесе басқа да жағдайлардың себебін кемсітпеусіз қызмет алушылардың тең қол жетімділігі;
- мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында бюлық және бюрократизм көрініктерін болдырмау;
- мемлекеттік қызмет көрсету саласында есептілік пен бақылаудың күшеюі;
- мемлекеттік қызметтің сапасы мен қол жетімділігі;
- Мемлекеттік қызметті көрсету процесін үнемі жетілдіріп отыру.
- мемлекеттік қызметті көрсетудегі ұнемділік пен тиімділік.

Жаркайын ауданы білім бөлімінің «Жанында интернаты бар А.Үкібаев атындағы орта мектебі» ММ мемлекеттік қызметтің 7 түрін көрсетеді:

1. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау»-72;
2. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау»-2;
3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында балаларды аудару немесе алмасу үшін құжаттарды қабылдау»-0;
4. «Жалпы білім беретін оқу орындары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау»-26;
5. «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру»-1;
6. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау» -4;
7. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау»-6;

Барлық мемлекеттік қызметтер ҚР 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік қызметтер туралы» Заңының 24-бабының негізінде ақысыз көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Конституциясымен негізделген «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88- V Заңын және бекітілген стандарттар мен регламенттерді басшылық етеді.

2019 жылы Жаркайын ауданы білім бөлімінің «Жанында интернаты бар А.Үкібаев атындағы орта мектебі» ММ мемлекеттік қызметтің 6 түрі бойынша 111 қызметі көрсетілді, олардың ХҚКО арқылы-5, мемориан арқылы -28; ЭҮП-78;

2019 жылы жүргізілген сараптаманың негізінде «Жанында интернаты бар А.Үкібаев атындағы орта мектебінде» ең талап етілетін мемлекеттік қызметтер «Бастауыш, негізгі және орта білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» -72;